



типовая форма утверждена

Правлением АО "Tengri Bank"

(протокол заседания от

"10" октября 2016 года № 66)

**"Павлодар облысының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасы" өнімі бойынша кредит желісін ашу туралы келісім**

**1 бап. Жалпы ережелер**

**1.1.** Кредит желісін ашу туралы осы келісім (бұдан әрі – Келісім) "Tengri Bank" АҚ (бұдан әрі – Кредитор) Кредит желісін ашу, Кредит желісі аясында Қарыздар беру және оған қызмет көрсету бойынша операциялар жүргізудің талаптары мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ Тараптардың құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін (төменде берілгендей) және Кредитор мен Борышкер арасындағы құқықтық қарым-қатынастың өзге де ерекшеліктерін белгілейді (төменде берілгендей).

**1.2.** Келісім талаптары стандартты нысанда белгіленген және оны Борышкер Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы қабылдайды (төменде берілгендей). Кредитор мен Борышкер туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Келісім Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 389 бабының талаптарына сәйкес жасалған Қосылу шарты болып табылады. Бұл ретте, Қосылу туралы өтініш пен Келісім бір құжат ретінде қаралады.

**1.3.** Борышкердің Келісімге қосылу туралы өтінішке қол қоюы Борышкердің Келісімге толықтай қосылуын білдіреді. Борышкердің Қосылу туралы өтінішке қойған қолы:

- Борышкердің Келісімді оқығанын, түсінгенін және оны қандайда бір ескертусіз және қарсылықсыз толық қабылдағанын;

- Келісімнің Борышкерге ауыртпалық салатын қандайда бір талаптардан тұрмайтынын, болған жағдайда Борышкердің өзінің мүддесі үшін оларды қабылдамайтынын;

- Егер, Кредиторда Борышкер қол қойған Қосылу туралы өтініш болған кезде, Борышкердің Келісімге қойған қолының жоқтығына байланысты, оның Келісімді

**Соглашение об открытии кредитной линии по продукту "Программа регионального финансирования субъектов малого и среднего предпринимательства Павлодарской области"**

**Статья 1. Общие положения**

**1.1.** Настоящее Соглашение об открытии кредитной линии (далее – Соглашение) определяет условия и порядок осуществления АО "Tengri Bank" (далее – Кредитор) операций по открытию Кредитной линии, выдаче и обслуживанию Займов в рамках Кредитной линии, а также устанавливает права, обязанности, ответственность Сторон (как определено ниже) и иные особенности правоотношений между Кредитором и Должником (как он определен ниже).

**1.2.** Условия Соглашения определены в стандартной форме и могут быть приняты Должником не иначе, как путем подписания Заявления о присоединении (как определено ниже). Сведения о Кредиторе и Должнике указываются в Заявлении о присоединении. Соглашение является договором присоединения, заключаемым в соответствии с требованиями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан. При этом, Заявление о присоединении и Соглашение могут рассматриваться исключительно в качестве единого документа.

**1.3.** Подписание Должником Заявления о присоединении к Соглашению означает присоединение Должника к Соглашению в целом. Подпись Должника на Заявлении о присоединении свидетельствует о том, что:

- Должник прочитал, понял и принял Соглашение в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений;

- Соглашение не содержит каких-либо обременительных для Должника условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы;

оқымағанына/түсінбегеніне/қабылдамағанына сүйену құқының жоқтығын;

- Қарыз алушы немесе Ортақ борышкер (егер, осындай Ортақ борышкер Келісім бойынша қарыз алған болса) транштар беру жөніндегі барлық талаптармен келісетінін;

- Келісімнің барлық ережелерінің Борышкердің мүдделері мен еріктеріне толық сәйкес келетінін;

- Келісімді жасау және оның талаптарын орындау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін бұзбайтынын және бұзуға әкелмейтінін куәландырады (төменде берілгендей).

**1.4.** Егер, осы Өтініштің мәтінінде басқаша айтылмаса, Келісімнің барлық қосымшалары (олар болған кезде), Кредит желісінің ашылуына байланысты Кредитор өзі көрсететін қызметтер аясында Борышкерден қабылдаған Өтініш (төменде берілгендей) Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

**1.5.** Борышкер мен Кредитор, бұдан әрі бірге "Тараптар", ал әрқайсысы жеке – "Тарап" деп аталып, Қосылу туралы өтініште және осы Келісімде белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді қабылдайды.

**1.6.** Егер, Қосылу туралы өтініш немесе Транш беру туралы өтініш мәтінінде басқаша мағынада берілмесе, Қосылу туралы өтініште, осы Келісімде және Транш беру туралы өтініште қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар осы Келісімде келтірілген мағынаға ие болады.

## **2 бап. Келісімнің мәні**

**2.1.** Кредитор Кредит желісін ашады және оны Транш беру туралы өтініш аясында Қосылу туралы өтініштің 1.3 тармағында белгіленген қаржыландыру лимиті шегінде жекелеген транштармен (бұдан әрі – Қарыз) төлемділік, қайтарымдылық, мерзімділік, қамтамасыз ету және осы Келісімде белгіленген басқа да талаптармен береді.

**2.2.** Қор және Жергілікті атқарушы орган (ЖАО) Кредит желісі аясында қаржыландыру көзі болып табылады

## **3 бап. Кредит желісі. Кредит желісі бойынша жалпы талаптар**

**3.1.** Кредит желісін ашу талаптарын, атап айтқанда – Келісім жасалатын күнді, Қарыз мақсатын, Кредит желісінің сомасы мен валютасын, Кредит желісінің мерзімін, Сыйақы мөлшерлемесінің түрін, негізгі борышты дер кезінде қайтармағаны және сыйақыны

- Должник не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на Соглашении, как доказательство того, что Соглашение не было им прочитано/понято/принято, если у Кредитора имеется Заявление о присоединении, подписанное Должником.

- Заемщик или Солидарный должник (если таким Солидарным должником получен Заем по Соглашению) соглашается со всеми условиями по предоставлению траншей;

- Все положения Соглашения в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Должника;

- Заключение Соглашения и исполнение его условий не нарушит и не приведет к нарушению какого-либо положения действующего законодательства Республики Казахстан (как определено ниже).

**1.4.** Все Приложения к Соглашению (при их наличии), заявления (как определено ниже), принятые Кредитором от Должника в рамках оказываемых Кредитором услуг, связанных с открытием Кредитной линии, являются неотъемлемой частью Соглашения, если иное не оговорено в тексте самого Заявления.

**1.5.** Должник и Кредитор, далее совместно именуемые "Стороны", а каждая в отдельности – "Сторона", принимают все условия и обязательства, определенные Заявлением о присоединении и настоящим Соглашением.

**1.6.** Понятия и определения, используемые в тексте Заявления о присоединении, настоящего Соглашения и Заявления о выдаче транша, имеют значение, которое приведено в настоящем Соглашении, если иное значение не установлено непосредственно в тексте Заявления о присоединении или Заявлении о выдаче транша.

## **Статья 2. Предмет Соглашения**

**2.1.** Кредитор открывает Кредитную линию и предоставляет ее Должнику отдельными траншами (далее – Заем) в рамках Заявлений о выдаче транша в пределах лимита финансирования, установленного пунктом 1.3 Заявления о присоединении, на условиях платности, возвратности, срочности, обеспеченности и на других условиях, определенных настоящим Соглашением.

**2.2.** Источниками финансирования в рамках Кредитной линии являются Фонд и МИО.

## **Статья 3. Кредитная линия. Общие условия по Кредитной линии**

төлемегені үшін тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл) есептеу тәртібі мен оның мөлшерін, комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық тізбесін, сондай-ақ Қарыз берумен және қызмет көрсетумен байланысты алынуы тиіс олардың мөлшерін және Келісімнің қолданыста болу мерзімін Тараптар Қосылу туралы өтініште белгілейді.

**3.2.** Қарыз беру талаптарын, атап айтқанда – Қарыз сомасы мен валютасын, Қарыз мерзімін, сыйақы мөлшерлемесінің түрін, жылдық пайыздардағы оның мөлшерін, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін, Қарызды өтеу әдісін Тараптар Транш беру туралы өтініште белгілейді.

**3.3.** Қарызды өтеу және сыйақыны төлеу Кредитордың кассасы арқылы қолма қол ақша беру немесе оларды қолма қол ақшасыз тәртіппен аудару арқылы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәсілдермен Транш беру туралы өтініште белгіленген кезеңділікпен жүзеге асырылады.

**3.4. Борышкер Келісім бойынша міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған кезде Кредитор қолданатын шаралар:**

Борышкер Қосылу туралы өтініш, Келісім, Транш беру туралы өтініш бойынша міндеттемелерін орындамаған және (немесе) дұрыс орындамаған кезде Кредитор:

- 1) Борышкерден тұрақсыздықты (айыппұл, өсімпұл) төлеуін талап етуге,
- 2) Борышкерден Қосылу туралы өтініш, Келісім, Транш беру туралы өтініш және Кредитор мен Борышкер арасында жасалған өзге де мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауын талап етуге,
- 3) Қамсыздандырудан сот тәртібімен, сондай-ақ соттан тыс тәртіппен өндіріп алуға, сонымен қатар Борышкердің кез келген басқа мүлкінен сот тәртібімен өндіріп алуға,
- 4) Борышкердің барлық/кез келген банктік шоттарынан Келісім бойынша мерзімі өткен барлық/кез келген берешекті (оның ішінде тұрақсыздықты, Кредитордың шығындарын, Борышкер туындатқан дебиторлық берешек) акцептсіз және сөзсіз тәртіппен алуға/есептен шығаруға,
- 5) Борышкерден берешекті сот тәртібімен өндіріп алуға,
- 6) үшінші тұлғаларға берешекті өндіріп алуды тапсыруға, оның ішінде қажетті құжаттарды және Келісім, Қамсыздандыру бойынша ақпаратты бере

**3.1.** Условия открытия Кредитной линии, а именно – дата заключения Соглашения, цель Займа, сумма и валюта Кредитной линии, срок Кредитной линии, вид ставки вознаграждения, порядок исчисления и размер неустойки (штрафа, пени) за несвоевременное погашение основного долга и уплату вознаграждения, полный перечень комиссий и иных платежей, а также их размеры, подлежащие взиманию в связи с выдачей и обслуживанием Займа, и срок действия Соглашения определяются Сторонами в Заявлении о присоединении.

**3.2.** Условия предоставления Займа, а именно – сумма и валюта Займа, срок Займа, вид ставки вознаграждения, ее размер в годовых процентах, размер годовой эффективной ставки вознаграждения, метод погашения Займа определяются Сторонами в Заявлении о выдаче транша.

**3.3.** Погашение Займа и уплата вознаграждения, осуществляются путем внесения денег наличными через кассу Кредитора, либо путем их зачисления в безналичном порядке, способами, предусмотренными действующим законодательством Республики Казахстан, с периодичностью, определенной Заявлением о выдаче транша.

**3.4. Меры, принимаемые Кредитором при неисполнении и(или) ненадлежащем исполнении Должником обязательств по Соглашению:**

При неисполнении и(или) ненадлежащем исполнении Должником обязательств по Заявлению о присоединении, Соглашению, Заявлению о выдаче транша, Кредитор вправе:

- 1) потребовать уплаты Должником неустойки (пени, штрафа),
- 2) потребовать от Должника досрочно исполнить все обязательства по Заявлению о присоединении, Соглашению, Заявлению о выдаче транша и иным сделкам, заключенным между Кредитором и Должником,
- 3) обратиться с иском о взыскании на Обеспечение как в судебном, так и во внесудебном порядке, а также обратиться с иском о взыскании на любое другое имущество Должника в судебном порядке,
- 4) в безакцептном и бесспорном порядке изымать/списывать все/любые просроченные задолженности по Соглашению (в т.ч. неустойки, убытки Кредитора, образованную Должником дебиторскую

отырып, 7) Келісімде белгіленген жағдайларда, Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесін көбейту жағына қарай бір жақты тәртіппен өзгертуге (бұл талап заңды тұлға болып табылатын Қарыз алушыға және заңды тұлға болып табылатын Ортақ борышкерге қатысты, егер осындай Ортақ борышкер Келісім аясында Қарыз алған болса, қолданылады), 8) Келісімде белгіленген жағдайларда, Кредит желісін, Қарыз беруді бір жақты тәртіппен тоқтата тұруға құқылы.

**3.5.** Кредитор Борышкер туралы мәліметті кредит бюросына беруі және кредит бюросының Кредиторға Борышкер туралы кредит есебін, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауымен байланысты ақпаратты беруі үшін Борышкердің келісімін алған.

**3.6. Кредитордың пошталық және электрондық мекенжайлары туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы жөніндегі деректер:**

**3.6.1.** Пошталық мекенжайы: "Tengri Bank" АҚ, 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 91/2;

**3.6.2.** Электрондық мекенжайы: [info@tengribank.kz](mailto:info@tengribank.kz);

**3.6.3.** Ресми интернет-ресурсы жөніндегі деректер: [www.tengribank.kz](http://www.tengribank.kz).

**3.7. Борышкердің Кредиторға бухгалтерлік есеп, қаржы есептілігі саласында Кредитордың талаптарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беретін есеп түрлері мен оларды беру мерзімдері:**

Өтініш берер алдында соңғы тоқсандағы және соңғы есеп беретін жылдағы қаржы есебі (ОКУД бойынша №№ 1, 2, 3 нысандар, 1010 және 1030 баланстық есептер карточкалары) және/немесе Борышкердің қаржы жағдайына талдау жасауға мүмкіндік беретін Интернет-сайттарға орналастырылған ақпарат. Соңғы есеп беретін жылдағы корпоративтік табыс салығы бойынша декларация. Соңғы екі есеп беретін кезеңдегі оңайлатылған декларация (егер, Борышкер бухгалтерлік есеп жүргізудің және қаржы есебін жасаудың оңайлатылған нысанын қолданатын жағдайда, беріледі);

Кредитор Борышкердің қаржылық және шаруашылық қызметіне талдау, мониторинг жүргізу үшін талап ететін өзге де ақпараттар.

**3.8. Келісім бойынша Қарыз беру талаптары. Мерзімінен бұрын өтеу**

задолженность) со всех/любых банковских счетов Должника, 5) взыскать задолженность Должника в судебном порядке, 6) поручить взыскание задолженности третьим лицам, в т.ч. с предоставлением необходимых документов и информации по Соглашению, Обеспечению, 7) в одностороннем порядке изменить в сторону увеличения ставку вознаграждения по Займу в случаях, установленных Соглашением (условие применимо в отношении Заемщика, являющегося юридическим лицом, и Солидарного должника, являющегося юридическим лицом, если таким Солидарным должником получен Заем в рамках Соглашения), 8) в одностороннем порядке приостановить предоставление Кредитной линии, Заем в случаях, установленных Соглашением.

**3.5.** Кредитором получены согласия Должника на предоставление сведений о Должнике в кредитные бюро и на выдачу кредитным бюро Кредитору кредитного отчета о Должнике, а также информации, связанной с исполнением Сторонами своих обязательств.

**3.6. Информация о почтовом и электронном адресе Кредитора, а также данные о его официальном интернет-ресурсе:**

**3.6.1.** Почтовый адрес: АО "Tengri Bank", 050051, Республика Казахстан, г.Алматы, проспект Достык 91/2;

**3.6.2.** Электронный адрес: [info@tengribank.kz](mailto:info@tengribank.kz);

**3.6.3.** Данные об официальном интернет-ресурсе: [www.tengribank.kz](http://www.tengribank.kz).

**3.7. Виды и сроки отчетности, предоставляемые Должником Кредитору в соответствии с требованиями Кредитора, законодательства Республики Казахстан в сфере бухгалтерского учета, финансовой отчетности:**

Финансовая отчетность (формы №№ 1, 2, 3 по ОКУД, карточки балансовых счетов 1010 и 1030) за последний квартал и последний отчетный год перед подачей заявления и/или размещенная на Интернет-сайтах информация, позволяющая сделать анализ о финансовом состоянии Должника. Декларация по корпоративному подоходному налогу за последний отчетный год. Упрощенная декларация за последние два отчетных периода (предоставляется в случае, если Должник применяет упрощенную форму ведения

**3.8.1.** Кредитордың Борышкерге осы Келісім бойынша кез келген/әрбір Қаржы құралын беруі Борышкер мына міндетті талаптарды орындағаннан кейін: 1) Кредиторға заңнамада және Кредитор белгілеген тәртіппен Қамсыздандыру шартын(тарын) берген; 2) Борышкер Келісім талаптарын бұзбаған, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Келісім бойынша Қарыз беруді тоқтатуға негіз болмаған кезде; 3) Борышкер қаржыландыру берілгенге дейін Кредитордың уәкілетті органының шешімімен белгіленген міндетті талаптарды орындаған кезде жүзеге асырылады.

**3.8.2.** Борышкердің Қарызды пайдаланғаны үшін есептелген сыйақыны төлеп, өзінің бастамасы бойынша Қарызды мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеуіне болады.

#### **4 бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

**4.1. Кредитор (осы Келісімде және Қосылу туралы өтініште көзделген құқықтардан басқа):**

**4.1.1.** Қамсыздандыруды, оның жағдайын, сақталу талаптарын, ұсталуы мен пайдаланылуын тексеруге, сондай-ақ Борышкерден жылжымайтын кепіл мүлкін қайта бағалаудан өткізу үшін, әрбір кепіл заты Қамсыздандыру туралы тиісті шарттар жасалатын күнге сәйкес келетін кезекті жылдағы күннен кешіктірмей, бағаланатындай етіп, тәуелсіз бағалаушыны жыл сайын тартуды (Борышкер есебінен немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғалар есебінен) қамтамасыз етуін талап етуге;

**4.1.2.** Қамсыздандыру жағдайы нашарлаған, бағасы төмендеген, жеткіліксіз болған, жоғалған, бүлінген немесе жойылған жағдайда, Борышкерден, Қамсыздандыруды ұсынған үшінші тұлғадан Кредитордың талабын қанағаттандыратын басқа мүлікпен ауыстыруын және (немесе) Кредитордың талабын қанағаттандыратын қосымша қамсыздандыруды беруін талап етуге;

**4.1.3.** Қарыз алушы мен Ортақ борышкерден бірге (ортақ), сондай-ақ олардың әрқайсысынан жеке Қосылу туралы өтініш, осы Келісім, Транш беру туралы өтініш бойынша міндеттемелерін, толықтай, сондай-ақ бір бөлігін орындауын талап етуге;

**4.1.4.** Қарыз алушымен – жеке тұлғамен немесе Ортақ борышкермен – жеке тұлғамен

бухгалтерского учета и составления финансовой отчетности);

иные документы, информация, требуемая Кредитором для проведения анализа, мониторинга финансовой, хозяйственной деятельности Должника.

**3.8. Условия предоставления Займа по Соглашению. Досрочное погашение**

**3.8.1.** Предоставление Кредитором Должнику любого/каждого Займа по настоящему Соглашению может быть осуществлено Кредитором после исполнения Должником следующих обязательных условий: 1) предоставления Кредитору оформленного(-ых) в установленном законодательством и Кредитором порядке договора(-ов) об Обеспечении; 2) отсутствие нарушения Должником условий Соглашения, в том числе отсутствие оснований приостановления предоставления Займа по Соглашению согласно законодательству Республики Казахстан; 3) исполнение Должником до предоставления финансирования обязательных условий, установленных решением уполномоченного органа Кредитора.

**3.8.2.** Досрочное погашение Займа полностью или частично по инициативе Должника разрешено с уплатой начисленного вознаграждения за пользование Займом.

#### **Статья 4. Права и обязанности Сторон**

**4.1. Кредитор вправе (помимо иных прав, предусмотренных настоящим Соглашением и Заявлением о присоединении):**

**4.1.1.** проводить проверку Обеспечения, его сохранности, состояния, условий хранения, содержания и эксплуатации, а также требовать обеспечения Должником ежегодного привлечения (за счет Должника или за счет третьих лиц, предоставивших Обеспечение) независимого оценщика для переоценки недвижимого залогового имущества таким образом, чтобы каждый предмет залога был переоценен не позднее даты очередного года, соответствующей дате заключения соответствующего договора об Обеспечении;

**4.1.2.** в случае ухудшения состояния, снижения стоимости, недостаточности, утраты, повреждения или уничтожения Обеспечения, требовать от Должника, третьего лица, предоставившего Обеспечение, замены на иное обеспечение, удовлетворяющее требованиям Кредитора и(или) требовать предоставления

келісім бойынша (егер, осындай Ортақ борышкер Транш беру туралы өтініш бойынша Қарыз алған болса) осы Келісім қолданыста болатын мерзім ішінде сыйақы мөлшерлемесін(лерін) сыйақының құбылмалы мөлшерлемесіне өзгертуге;

**4.1.5.** Қарыз алушымен – жеке тұлғамен немесе Ортақ борышкермен – жеке тұлғамен (егер, осындай Ортақ борышкер Келісім бойынша Қарыз алған болса) жасалған Транш беру туралы өтінішке(-терге) қол қойылған күні белгіленген сыйақы мөлшерлемесін(лерін) азайту жағына қарай бір жақты тәртіппен өзгертуге немесе азайту жағына қарай уақытша өзгертуге; Сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай уақытша өзгерту деген Банктің сыйақы мөлшерлемесін белгілі бір кезеңге төмендетуін және ол мерзім өткеннен кейін сыйақы мөлшерлемесін осындай уақытша өзгертуге дейін қолданыста болған сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде қайта белгілеуін білдіреді

**4.1.6.** \*Қарыз алушымен – жеке тұлғамен немесе Ортақ борышкермен – жеке тұлғамен келісім бойынша (егер, осындай Ортақ борышкер Транш беру туралы өтініш бойынша Қарыз алған болса) тиісті Транш беру туралы өтініш жасалған күннен бастап үш жыл өткеннен кейін сыйақы мөлшерлемесін көбейту жағына қарай өзгертуге; Тиісті транш бойынша сыйақы мөлшерлемесін көбейту жағына қарай жүргізілетін әрбір кейінгі өзгертулер Қарыз алушының – жеке тұлғаның немесе Ортақ борышкердің – жеке тұлғаның (егер, осындай Ортақ борышкер Транш беру туралы өтініш бойынша Қарыз алған болса) келісімі бойынша мүмкін болады, бірақ ол алдында осындай транш бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгертілген күннен бастап үш жыл өтпейінше жүргізілмейді.

\* тармақша, Қарыздың (Қарыздың бір бөлігінің) орнын толтырған жағдайда қолданылады;

**4.1.7\*.** Қарыз алушымен – жеке тұлғамен немесе Ортақ борышкермен – жеке тұлғамен (егер, осындай Ортақ борышкер Транш беру туралы өтініш бойынша Қарыз алған болса) қол қойылған Транш беру туралы өтініш бойынша сыйақы мөлшерлемесін көбейту жағына қарай бір жақты тәртіппен өзгертуге:

1) Борышкер осы Келісім бойынша Қарыз алумен және оған қызмет көрсетумен

дополнительного обеспечения, удовлетворяющего требованиям Кредитора;

**4.1.3.** требовать исполнение обязательств по Заявлению о присоединении, настоящему Соглашению, Заявлению о выдаче транша как совместно (солидарно) от Заемщика и Солидарных должников, так и от любого из них в отдельности, причем как полностью, так и части долга;

**4.1.4.** изменять по соглашению с Заемщиком – физическим лицом или Солидарным должником – физическим лицом (если таким Солидарным должником получен Заем по Заявлению о выдаче транша) ставку (-и) вознаграждения на плавающую ставку вознаграждения в течение срока действия настоящего Соглашения;

**4.1.5.** в одностороннем порядке изменять в сторону уменьшения или временного изменения в сторону уменьшения, установленную (-ые) на дату подписания Заявления (-ий) о выдаче транша с Заемщиком – физическим лицом или Солидарным должником – физическим лицом (если таким Солидарным должником получен Заем по Соглашению) ставку (-и) вознаграждения. Под временным изменением ставки вознаграждения в сторону уменьшения понимается снижение Кредитором размера ставки вознаграждения на определенный срок, по истечении которого ставка вознаграждения устанавливается в размере, не превышающем размер ставки вознаграждения, действовавшей до такого временного изменения;

**4.1.6.** \*По соглашению с Заемщиком – физическим лицом или Солидарным должником – физическим лицом (если таким Солидарным должником получен Заем по Заявлению о выдаче транша) изменять ставку(-и) вознаграждения в сторону увеличения по истечении трех лет с даты заключения соответствующего Заявления о выдаче транша. Каждое последующее изменение ставки (-ок) вознаграждения в сторону ее увеличения по соответствующему траншу возможно по соглашению с Заемщиком или Солидарным должником – физическим лицом (если таким Солидарным должником получен Заем по Заявлению о выдаче транша), но не ранее трех лет со дня предыдущего изменения ставки вознаграждения по такому траншу

\* подпункт применяется если произведено замещение Займа (части Займа);

байланысты шынайы ақпарат беру міндеттемелерін бұзған жағдайда;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ мынадай жағдайларда: (1) Кредиторды алдын ала жазбаша хабардар етпей, Қарыз алушының (және/немесе Ортақ борышкер – заңды тұлға) акционерлік қоғам (шаруашылық серіктестігі) акцияларының 10 және одан да көп % ие (қатысу үлесі) қатысушыларының (акционерлерінің) құрамы өзгерген жағдайда; (2) Борышкер және (немесе) Кепіл беруші Қамсыздандыру жөніндегі шарт бойынша Кредитордың құжаттар бойынша және нақты түрде кепілге салынған мүліктің бар екендігін, көлемін, жағдайы мен сақталу талаптарын тексеру жөніндегі құқығын бұзған кезде, сондай-ақ үшінші тұлғалар тарапынан Борышкердің, Қамсыздандыру ұсынған үшінші тұлғаның мүлкіне, оның ішінде Қамсыздандыру болып табылатын мүлікке талаптар қойылған жағдайда, Кредитордың міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ететін құқығы туындаған кезде;

\* тармақша, егер Қарыздың (Қарыздың бір бөлігінің) орнын толтырған жағдайда қолданылады:

**4.1.8.** Тараптардың Келісімге қол қоюы арқылы білдірілген Борышкердің келісім бойынша (және Борышкерден бұған қандайда бір қосымша келісім талап етпей): (1) Қосылу туралы өтініш, осы Келісім, Транш беру туралы өтініш (-тер) бойынша өз құқықтарын үшінші тұлғаларға, талап ету құқықтарының заңды екенін растайтын барлық қажетті құжаттарды, осы Қосылу туралы өтініш, осы Келісім, Транш беру туралы өтініш (-тер) бойынша құжаттар мен ақпараттарды қоса бере отырып, беруге; (2), үшінші тұлғаларға Қосылу туралы өтініш, осы Келісім, Транш беру туралы өтініш бойынша Кредитордың тапсырмасын орындау үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты бере отырып, оларға осы Келісім бойынша Берешекті өндіріп алуды тапсыруға;

**4.1.9.** осы Келісім бойынша, сондай-ақ Кредитор мен Борышкер (Қарыз алушы және (немесе) Ортақ борышкер) арасында жасалған кез келген басқа шарттар, келісімдер бойынша кез келген мерзімі өткен берешек пайда болған кезде, Борышкердің (Қарыз алушының және (немесе) Ортақ борышкердің) кез келген банктік шоттары бойынша операциялар жүргізу

**4.1.7.** \*изменять в одностороннем порядке ставку вознаграждения в сторону ее увеличения по Заявлению (-ям) о выдаче транша, подписанного Заемщиком – юридическим лицом или Солидарным должником – юридическим лицом (если таким Солидарным должником получен Заем по Заявлению о выдаче транша) в случаях:

1) нарушения Должником своих обязательств по предоставлению достоверной информации, связанной с получением и обслуживанием Займа по настоящему Соглашению;

2) возникновения у Кредитора права требования досрочного исполнения обязательства в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан, а также в следующих случаях: (1) изменения состава участников (акционеров) Заемщика (и(или) Солидарного должника – юридического лица), в совокупности владеющих 10 и более % акций (долей участия) акционерного общества (хозяйственного товарищества), без предварительного письменного уведомления Кредитора, (2) нарушения Должником и(или) залогодателем по договору об Обеспечении права Кредитора проверять по документам и фактически наличие, размер, состояние и условия хранения заложенного имущества, а также предъявления третьими лицами требований к имуществу Должника, третьего лица, предоставившего Обеспечение, в т.ч. к имуществу, являющемуся Обеспечением;

\* подпункт применяется если произведено замещение Займа (части Займа):

**4.1.8.** с согласия Должника, выраженного подписанием Сторонами Заявления о присоединении (и без требования у Должника какого-либо дополнительного согласия на это): 1) уступать третьим лицам свои права по Заявлению о присоединении, настоящему Соглашению, Заявлению (-ям) о выдаче траншей, договору об обеспечении с предоставлением им всех необходимых документов, подтверждающих действительность права требования, документов и информации по Заявлению о присоединении, настоящему Соглашению, Заявлению (-ям) о выдаче траншей, Должнику, Обеспечению; 2) поручить третьим лицам взыскание Задолженности по настоящему Соглашению, с предоставлением им документов и информации по Заявлению

жөніндегі Борышкердің кез келген нұсқауларын орындаудан бас тартуға; мерзімі өткен негізгі борышқа (Қарызға) сыйақы есептеуге, оның ішінде Борышкерден негізгі борышқа есептелген мерзімі өткен сыйақыны, мерзімі өткен негізгі борышты (қарызды) өндіріп алуға (мерзімі өткен сыйақы – бұл Борышкер Кредиторға төлемеген, дер кезінде төлемеген және (немесе) толық төлемеген сыйақы. Мерзімі өткен сыйақыны есептеу тәртібін Кредитор белгілейді);

**4.1.10.** Борышкердің және (немесе) үшінші тұлғалардың Кредитор алдында орындамаған кез келген міндеттемелерін қамсыздандыру үшін Кредиторға берілетін/берілген кез келген мүлікті (оның ішінде құқық белгілейтін, сәйкестендіретін, техникалық және басқа да құжаттарды) ұстап қалуға;

**4.1.11.** Борышкер Қосылу туралы өтініш, осы Келісім, Транш беру туралы өтініш бойынша кез келген соманы төлеу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Кредитордың ішкі құжаттарына сәйкес сыйақы мен тұрақсыздықты есептеуді кез келген уақытта тоқтатуға; Борышкер қандайда бір соманы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындаған/ішінара орындаған кезде, Кредитордың белгілеуі бойынша Борышкердің міндетін анықтау Қосылу туралы өтінішке, осы Келісімге, Транш беру туралы өтінішке сай, тоқтату есепке алынбай жүргізілетін болады;

**4.1.12.** Борышкердің осы Келісім бойынша ағымдағы және мерзімі өткен берешектерінің барлық сомасын, оның ішінде Қарыз сомасы, сыйақы, тұрақсыздық айыбы, комиссиялар, соның ішінде есептен шығару күні Кредитордың тарифтерімен қарастырылған комиссиялар, дебиторлық берешек, Кредитордың Борышкер

о присоединении, настоящему Соглашению, Заявлению (-ям) о выдаче траншей, Должнику, Обеспечению, необходимых для исполнения поручения Кредитора;

**4.1.9.** при образовании любой просроченной задолженности по настоящему Соглашению отказать в исполнении любых указаний Должника по выполнению операций по любым банковским счетам Должника (Заемщика и(или) Солидарного должника), а также по любым другим договорам, соглашениям, заключенным Кредитором с Должником (Заемщиком (и(или) Солидарным должником); начислять вознаграждение на просроченный основной долг (Заем), в том числе взыскивать с Должника просроченное вознаграждение начисленное на основной долг, просроченный основной долг (Заем) (просроченное вознаграждение это вознаграждение неуплаченное, несвоевременно уплаченное и(или) уплаченное Должником не в полном объеме Кредитору. Порядок начисления просроченного вознаграждения определяется Кредитором);

**4.1.10.** удерживать любое имущество (в том числе правоустанавливающие, идентификационные, технические и другие документы), предоставляемое/ предоставленное Кредитору в обеспечение любых неисполненных обязательств Должника и(или) третьих лиц перед Кредитором;

**4.1.11.** приостановить в любое время начисление вознаграждения и неустойки согласно внутренним документам Кредитора при просрочке оплаты Должником любой суммы по Заявлению о присоединении, Заявлению о выдаче транша, настоящему Соглашению. При исполнении/частичном исполнении Должником обязательств по выплате какой-либо суммы, определение обязательства Должника будет производится согласно Заявлению о присоединении, Заявлению о выдаче транша, настоящему Соглашению без учета приостановления – как будет определено Кредитором;

**4.1.12.** списывать в любой валюте все суммы текущей и просроченной задолженности Должника по настоящему Соглашению, включая, но не ограничиваясь: суммы Займа, вознаграждения, неустойки, комиссии, в том числе комиссии, предусмотренные действующими на дату списания тарифами Кредитора, дебиторскую задолженность,



осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамауы/тиісті түрде орындамауымен байланысты туындаған шығындары мен залалдарының (соның ішінде нотариалдық қызметтер, тәуелсіз бағалаушы қызметтерін, Кредитор қызметкерлерінің, үшінші тұлғалардың Кредитордың тапсырмасы бойынша Келісім, Қамтамасыз ету туралы шарттың мәселелері, басқа да мәселелер бойынша белгілі бір жерге барумен байланысты іссапар шығындарын төлеу) сомаларын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Борышкердің Келісім бойынша мерзімі кешіктірілген берешегінің тұтас сомасын кез келген валютада есептен шығаруға: 1) Қазақстан Республикасының заңнамасы және Кредитордың ішкі құжаттарымен қарастырылған құжаттар негізінде Борышкердің Кредиторда ашылған банктік шоттарын\* тікелей дебеттеу және (немесе) 2) Борышкердің (Қарыз алушы және (немесе) Ортақ борышкер) Кредиторда немесе кез келген басқа банктерде, Қазақстан Республикасында, одан тыс жерлерде банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттарына\* төлем талап-тапсырмаларын қою. Қазақстан Республикасының немесе тиісті шет мемлекеттің заңнамасымен Борышкердің (Қарыз алушы және (немесе) Ортақ борышкер) қосымша келісімін талап етпейтін төлем талап-тапсырмаларды беруге жол берілетін болса, мұндай төлем талап-тапсырмаға Кредитор Келісімнің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе ақшаны акцептсіз өндіріп алу (есептен шығару) үшін қажетті басқа да құжаттарды қоса береді.

Борышкердің (Қарыз алушы және (немесе) Ортақ борышкер) банктік шотынан ақша шығарып алу (есептен шығару) Борышкер міндеттемесінің валютасынан басқа валютада жүргізілетін болса, алынған ақшаны міндеттеменің валютасына айырбастау Кредитордың қалауы бойынша - Борышкер есебінен Кредитордың тарифтеріне сәйкес айырбастағаны үшін комиссияны ұстап қалу арқылы Кредитор белгілеген алынған валюта немесе Борышкер міндеттемесінің валютасын сату немесе сатып алу бағамы бойынша, және (немесе) Кредитор белгілейтін алынған валютаны Борышкер міндеттемесінің валютасына шаққандағы бағамы бойынша жүзеге асырылады (соның ішінде айырбасталған

понесенные Кредитором расходы и убытки в связи с неисполнением/ненадлежащим исполнением Должником или третьим лицом, предоставившим Обеспечение своих обязательств по настоящему Соглашению и(или) договору об Обеспечении (в том числе оплату нотариальных услуг, услуг независимого оценщика, командировочных расходов Кредитора в связи с выездом его работников, третьих лиц по поручению Кредитора по вопросам исполнения настоящего Соглашения, договора об Обеспечении, иным вопросам) путем: 1) прямого дебетования банковских счетов\* Должника (Заемщика (и(или) Солидарного должника), открытых у Кредитора на основании документов, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Кредитора; и(или) 2) предъявления к банковским счетам – Должника (Заемщика (и(или) Солидарного должника), открытым у Кредитора или в любых других банках, организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций в Республики Казахстан, за ее пределами платежных требований. В случаях, когда законодательством Республики Казахстан или соответствующего иностранного государства допускается предъявление платежных требований, не требующих дополнительного акцепта Должника (Заемщика (и(или) Солидарного должника), к такому платежному требованию Кредитором прилагается оригинал или нотариально удостоверенная копия Заявления о присоединении или иные документы для безакцептного изъятия (списания) денег.

Если изъятие (списание) суммы денег с банковского счета Должника (Заемщика (и(или) Солидарного должника) производится в валюте, отличной от валюты обязательства Должника, то конвертирование изъятых денег в валюту обязательства осуществляется по выбору Кредитора – по установленному Кредитором курсу продажи или покупки изъятой валюты или валюты обязательства Должника, и(или) по устанавливаемому Кредитором курсу изъятой валюты к валюте обязательства Должника с взиманием за счет Должника комиссии за конвертацию согласно тарифам Кредитора (в том числе при удержании комиссии за конвертацию из сконвертированной суммы денег).

ақша сомасынан айырбастағаны үшін комиссияны ұстап қалған кезде).

Осы арқылы Борышкер (Қарыз алушы және (немесе) Ортақ борышкер) Кредиторға Келісімнің осы тармақшасының талаптарымен Борышкердің қосымша келісімінсіз (акцептсіз) ақшаны есептен шығару құқығын берді;

\* Егер, Қарыз алушы және (немесе) Ортақ борышкер жеке кәсіпкер болып табылатын болса, онда Келісімнің осы тармағы арқылы Борышкер Кредиторға берешек сомасын, соның ішінде Ортақ борышкерге жеке кәсіпкер және(немесе) жеке тұлға ретінде Кредиторда және(немесе) кез келген басқа банктерде, Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған ағымдағы шоттан акцептсіз тәртіпте шығарып алу құқығын береді;

**4.1.13.** осы Келісім бойынша Қарыз беруді бір жақты тәртіппен мына жағдайларда тоқтатуға: (1) Борышкер Қосылу туралы өтініш, осы Келісім, Транш беру туралы өтініш бойынша өз міндеттемелерін және талаптарды бұзған, (2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай Кредитор жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша Борышкердің қаржы жағдайы нашарлағаны анықталған, (3) Кредитордың осы Келісімді тиісті түрде орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген, сондай-ақ мына жағдайларда:

1) Борышкердің (Қарыз алушы және (немесе) Ортақ борышкер), Қамсыздандыру ұсынған үшінші тұлғаның (Кепіл берушінің Кепілгердің, Кепілдеме берушінің, Қамсыздандыруды ұсынған өзге тұлғаның) банктік шот(тар)ындағы ақшаға тыйым салынған, инкассалық өкім, төлем талап-тапсырма берілген, өндіріп алуға жіберілген жағдайларда, және оларды Кредитор Борышкердің басқа ақшасы есебінен орындай алмаса немесе осыған нақты қауіп төнсе;

2) Борышкер Келісімді жасағанға дейін, сонымен қатар Келісімді қолданған мерзім ішінде өз міндеттемелерін, осы Келісім бойынша талаптарды, ковенанттарды, Қарыз алу талаптарын, Қосылу туралы өтініш, осы Келісімді жасау, Транш беру туралы өтініш талаптарын, кепілдіктерді, мәлімдемелерді бұзса, сондай-ақ Келісімді қолданған мерзім

Настоящим Должник (Заемщик и Солидарный должник) предоставил Кредитору право списания денег без дополнительного согласия (акцепта) Должника на условиях настоящего подпункта Соглашения;

\* если Заемщик и(или) Солидарный должник является индивидуальным предпринимателем, то настоящим пунктом Соглашения, Должник предоставляет Кредитору право безакцептного списания сумм задолженностей, в том числе с текущего счета (у Кредитора и(или) в любых других банках, организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций в Республике Казахстан и за ее пределами), открытого Заемщику и(или) Солидарному должнику как индивидуальному предпринимателю и(или) как физическому лицу.

**4.1.13.** в одностороннем порядке приостановить выдачу Займа по настоящему Соглашению в случаях: (1) нарушения Должником своих обязательств или условий по Заявлению о присоединении, настоящему Соглашению, Заявлениям о выдаче транша, (2) ухудшения финансового состояния Должника, выявленного по результатам мониторинга, проводимого Кредитором согласно требованиям законодательства Республики Казахстан, (3) изменения требований законодательства Республики Казахстан, влияющих на надлежащее исполнение Кредитором настоящего Соглашения, а также в следующих случаях:

1) если на деньги, находящиеся на банковском (-их) счете (-ах) Должника (Заемщика и(или) Солидарного должника), третьего лица, предоставившего Обеспечение (залогодателя, гаранта, поручителя, иного лица, предоставившего Обеспечение) наложен арест, выставлено инкассовое распоряжение, платежное требование, обращено взыскание, которое Кредитор не может исполнить за счет других денег Должника, или существует реальная угроза этого;

2) если Должником нарушаются/нарушены свои обязательства, условия, ковенанты по настоящему Соглашению, условия получения Займа, условия Заявления присоединения, заключения настоящего Соглашения, условия Заявления о выдаче транша, заверения предоставленные Кредитору как до заключения настоящего Соглашения, так

ішінде Борышкердің, Кепіл берушінің Кепілгердің, Кепілдеме берушінің, Қамсыздандыруды ұсынған өзге тұлғаның қаржы жағдайы нашарласа немесе осындай қауіп төнсе, және (немесе) Борышкер Кредитордың талабын қанағаттандыратын қамсыздандыруды (Кредитордың кепіл саясатын) беру міндеттемесін тиісті мерзімде орындамаса;

3) Үшінші тұлғалармен қолма-қол ақшамен есеп айырысқан кезде Қарыз (-дар) мақсатсыз жұмсалған немесе Келісім бойынша қаржыландыру үшін Кредиторға ұсынылған бизнес-жоспар, техникалық-экономикалық негіздеме орындалмаған немесе Кредиторға Қарыздың мақсатты жұмсалуды бойынша құжаттар, қаржылық немесе басқа да есептілік бойынша құжаттар, кірісті көрсететін және растайтын құжаттар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттар (сараптамалар) ұсынылмаған/толығымен ұсынылмаған жағдайларда, сонымен бірге Борышкер, Қамсыздандыруды ұсынған үшінші тұлға (Кепіл берушінің Кепілгердің, Кепілдеме берушінің, Қамсыздандыруды ұсынған өзге тұлғаның) ұсынған ақпарат және(немесе) құжаттар, оның ішінде Қамсыздандыру бойынша құжаттар шынайы және(немесе) толық болмаған жағдайларда;

4) Борышкер, Қамсыздандыруды ұсынған үшінші тұлға (Кепіл беруші Кепілгер, Кепілдеме беруші, Қамсыздандыруды ұсынған өзге тұлға) заңнаманы бұзатын/бұзған, үшінші тұлғалар алдында өз міндеттемелері бұзылған, аталған тұлғалардың Кредитор алдында өз міндеттемелерін бұзуына әкелген немесе әкелуі мүмкін қаржылық-шаруашылық қызмет кідірітілген/тоқтатылған (оның ішінде кез келген рұқсат құжаттары кідірітілген/ тоқтатылған) жағдайда;

5) Қосылу туралы өтінішке, осы Келісімге, Транш беру туралы өтінішке, Қамсыздандыру туралы шартқа қатысты біреулер келіспеушілік танытса немесе Қамсыздандыруға талап қойса (оның ішінде мемлекет мұқтажы үшін Қамсыздандыру алынуы (сатып алынуы) мүмкін болатын болса), бағалау (қайта бағалау) қорытындысы бойынша кепіл мүлкінің құны төмендеген/төмендейтін болса, Қамсыздандыру жағдайы нашарлаған немесе ол жоғалған болса, кез келген себептер бойынша Кредитордың Қамсыздандыру жағдайын, оның бар екендігін

и в период действия настоящего Соглашения, а также если в период действия настоящего Соглашения ухудшилось финансовое состояние Должника, залогодателя, гаранта, поручителя, иного лица, предоставившего Обеспечение, или существует реальная угроза этого, и(или) Должник не исполняет в надлежащий срок обязательство предоставить обеспечение, удовлетворяющее требованиям Кредитора (залоговой политики Кредитора);

3) если использование Займа (-ов) осуществляется не по целевому назначению, при расчетах с третьими лицами в наличной форме или не исполняется бизнес-план, технико-экономическое обоснование, которое предоставлялось Кредитору для финансирования по настоящему Соглашению, или Кредитору не предоставляются/предоставляются не в полном объеме документы по целевому использованию Займа, документы по финансовой или иной отчетности, документы, отражающие и подтверждающие доход, документы (экспертизы), требуемые по законодательству Республики Казахстан, а также если предоставленные Должником, третьим лицом, предоставившим Обеспечение (залогодателем, гарантом, поручителем, иным лицом, предоставившим Обеспечение) информация и(или) документы, в том числе по Обеспечению не являются достоверными и(или) полными;

4) если Должником, третьим лицом, предоставившим Обеспечение (залогодателем, гарантом, поручителем, иным лицом, предоставившим Обеспечение) нарушается/нарушено законодательство, нарушены свои обязательства перед третьими лицами, приостановлена/прекращена финансово-хозяйственная деятельность (в том числе приостановлено/прекращено действие любых разрешительных документов), которое повлекло или может повлечь за собой нарушение указанными лицами своих обязательств перед Кредитором;

5) если Заявление о присоединении, настоящее Соглашение, Заявление о выдаче транша, договор об Обеспечении оспаривается кем-либо, или кем-либо предъявляются требования к Обеспечению (в том числе в связи с предполагаемым изъятием (выкупом) Обеспечения для государственных нужд), если снизилась/снижается стоимость залогового

және сақталу талаптарын тексеру мүмкіндігі болмаса немесе осындай нақты қауіп төнген жағдайда;

6) Борышкердің, Қамсыздандыруды ұсынған үшінші тұлғаның (Кепіл берушінің Кепілгердің, Кепілдеме берушінің, Қамсыздандыруды ұсынған өзге тұлғаның) оның ішінде осы тармақта көрсетілген тұлғалармен байланысты, аффилиирленген, туыстық қарым-қатынастағы немесе басқа да қатынастағы тұлғаларда үшінші тұлғалардың, Кредитордың алдында Лимиттің 50 және одан астам % құрайтын сомада міндеттемелер туындаған/туындайтын жағдайда немесе осындай нақты қауіп төнген жағдайда;

7) осы Келісімді, Қамсыздандыру туралы шартты жасау Борышкердің, Қамсыздандыруды ұсынған үшінші тұлғаның (Кепіл берушінің, Кепілгердің, Кепілдеме берушінің, Қамсыздандыруды ұсынған өзге тұлғаның) уәкілетті тұлға(лар)сымен және(немесе) органдарымен мақұлданбаған жағдайда, соның ішінде уәкілетті, мемлекеттік және өзге де органдар/ұйымдардың қажетті келісімдері, рұқсаттары алынбаған жағдайда;

8) Борышкер, Қамсыздандыруды ұсынған үшінші тұлға (Кепіл беруші, Кепілгер, Кепілдеме беруші, Қамсыздандыруды ұсынған өзге тұлға) оның ішінде осы тармақта көрсетілген тұлғалармен байланысты, аффилиирленген, туыстық қарым- қатынастағы немесе басқа да қатынастағы тұлғалар туралы жағымсыз ақпарат анықталған немесе болған жағдайда;

9) Борышкердің, Қамсыздандыруды ұсынған үшінші тұлғаның (Кепіл берушінің, Кепілгердің, Кепілдеме берушінің, Қамсыздандыруды ұсынған өзге тұлғаның) қайта құрылуы, таратылуы, банкроттылығы (соның ішінде сот шешімі бойынша банкроттылыққа қолданылатын рәсімдердің кез келгенін енгізу) болжамданып отырса;

10) заңды тұлға – Ортақ қарыз алушыны, Қамсыздандыруды ұсынған үшінші тұлғаны (Кепіл берушіні, Кепілгерді, Кепілдеме берушіні, Қамсыздандыруды ұсынған өзге тұлғаны) бақылау ауысқан жағдайда (акция/үлестердің 33 және одан астам % иеленетін акционерлер/қатысушылар құрамындағы өзгерістер);

13) Борышкердің өзінің сыртқы берешегіне қатысты (сыртқы берешек дегеніміз кез келген Кредитор, салық және басқа орган/ұйымның

имущества по результатам оценки (переоценки), ухудшилось состояние Обеспечения или оно утрачено, у Кредитора, по любым причинам, отсутствует возможность проверить наличие, состояние, условия хранения Обеспечения, или существует реальная угроза этого;

6) если возникло/возникнет или выявлено у Должника, третьего лица, предоставившего Обеспечение (залогодателя, гаранта, поручителя, иного лица, предоставившего Обеспечение), в том числе у лиц, являющихся связанными, аффилированными, состоящими в родстве или ином свойстве с указанными в настоящем подпункте лицами, обязательств перед третьими лицами, Кредитором на сумму, составляющую 50 и более % Лимита, или существует реальная угроза этого;

7) если заключение настоящего Соглашения, договора об Обеспечении не было одобрено уполномоченными на то лицами и(или) органами Должника, третьего лица, предоставившего Обеспечение (залогодателем, гарантом, поручителем, иным лицом, предоставившим Обеспечение), в том числе не были получены необходимые согласия, а также разрешения уполномоченных, государственных и иных органов/организаций;

8) если выявлена или имеется негативная информация о Должнике, третьем лице, предоставившим Обеспечение (залогодатель, гаранте, поручителе, ином лице, предоставившим Обеспечение), в том числе о лицах, являющихся связанными, аффилированными, состоящими в родстве или ином свойстве с указанными в настоящем подпункте лицами;

9) если предполагается реорганизация, ликвидация, банкротство (в том числе введения по решению суда любой из процедур, применяемой в банкротстве) Должника, третьего лица, предоставившего Обеспечение (залогодателя, гаранта, поручителя, иного лица, предоставившего Обеспечение);

10) если произошла смена контроля (изменение в составе акционеров/участников, владеющих 33 и более % акций/долей) над юридическим лицом – Солидарным должником, третьим лицом, предоставившим Обеспечение (залогодателем, гарантом, поручителем, иным лицом, предоставившим Обеспечение);

алдындағы, мәжбүрлі тәртіпте, соның ішінде сот тәртібінде өндіріп алынатын мерзімі кешіктірілген берешек) белгіленген мерзімде қолданыстағы қарыз сомасының 30% астамын құрайтын сомада төлем міндеттемелері болатын жағдайда (егер Борышкерде бір уақытта бірнеше Қарыз болса, осы тармақшада көрсетілген пайыз берілген ең төменгі қарыз сомасынан анықталады);

